

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 Хаттамасы.

12.09.2022ж

Қатысқандар-15

Күн тәртібінде:

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы
- 2.«Тіл мерекесіне» және «Қарттар күніне» арналған іс-шара жоспарын бекіту.
- 3.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.
4. «Республика күні» және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту.

1.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі А.Т.Кунтуова «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» Шұғыл тексерудің қорытындысына тоқталып өтті. Біздің басты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымдықарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады. Білім мекемелері ғимарттарының қауіпсіз әрі жанға жайлы болуы – жас ұрпақ өмірі үшін өте маңызды. Балабақшамызда да жаңа оқу жылына дайындық науқаны өз мәресіне жетті. Айтып өтетін болсақ, балабақшаның барлық топтарында әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Ойын бөлмелері жаңа ойыншықтармен жабдықталды.

Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы No 348 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 9 қыркүйектегі No 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілді. Балабақша қызметкерлерін балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен таныстырып өтті. Қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, балабақшаның ішкі еңбек тәртібін сақтау керек екенін түсіндірді. Биылғы жаңа бағдарлама бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыру, ұлттық құндылықтар бойынша көрнекіліктерді көбейтіп, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруда, кітап бұрыштарын толықтырылмай жатқаны жайлы айтып өтті. Алдағы уақытта осы кемшіліктерді жоюды тапсырды. Балабақша қызметкерлерін өзінің міндетін біліп, тәртіпті сақтап, адал жұмыс істеуге шақырды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева тәрбиешілерімізге көбірек іздену керек екенін, ойын папкаларын толықтырып, жаңартып, ойын шарттарымен танысып отыруды, жаңа бағдарлама бойынша баланы тек ойын арқылы тәрбиелеп, ұйымдастырылған іс-әрекетті түрлі ойындар арқылы өткізу керек екенін, бала үшін басты қызмет ойын болып саналатынын айтып өтті.

2.ТЫҢДАЛДЫ: «Тіл мерекесіне арналған іс-шара» жөнінде б/б әдіскері Қ.Бейсенова айтып өтті.Қазақ елі егемендігін алғаннан бері тіл мәселесіне көп көңіл бөлінді. Өз ана тілімізді қорғайтын «Тіл туралы заң» қабылданды. Халқымыз әр жыл сайын тілдер мерекесін атап өтетін болды. Осындай іс-шара «Әсел» балабақшасының педагог қызметкерлерінің бастауымен өткізіледі. «Тіл басты байлығымыз, ана тілімізге, Отанымызға арналған тақпақтар айтып балаларымыз өз тілін меңгеру керек. Отанын сүйетін патриотшыл балалар тәрбиелеу біздің міндетіміз. Орыс тобының балалары да қазақ тілінде өлеңдер,тақпақтар,мақал-мәтелдер жаттап үйренсін. Және де «Қариясы бар елдің-қазынасы бар» атты қариялар күніне арналған ертеңгіліктің жоспарын түзіп, ертеңгілікті жоспардағыдай өткізуіміз керек. Әр жылы осылай қарияларымызды қуанта берейік, қартын сыйлаған елдің ұрпақтарымыз ғой, сол дәстүрді жалғастырып, осы жылы ертеңгілікті жоғары дәрежеде өткізуге ат салысайық,-деп сөзін аяқтады.

3.ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды. Бала тәрбиесі –бәр отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды»-деп айтып кеткен. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керек. Сондықтан да жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған дұрыс. Ата-аналардың ұсыныстарымен келісе отырып, әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру керек. Ата-аналар жиналысына дайындықты ойдағыдай жүргізу керек-деп сөзін аяқтады.

4.ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды. Алдымызда үлкен мерекелердің бірі, қанша жылдан бері тойланбай енді қайта тойланайын деп отырған «Республика күні» мерекесі келе жатыр. Сол мерекеге жақсылап дайындалып, ертеңгілікті жоғары дәрежеде өткізуіміз керек. Және де «Алтын күз» мерекесі келе жатқанын, бұл жаңа оқу жылында ата-аналар күтетін ерекше күз мерекесі екенін айтып өтті. «Алтын күз» мерекесіне жақсы дайындықпен, жоғары дәрежеде өткізейік. Жоғары топтардың тәрбиешілері үлкен дайындық жасайтынын талап етті. Алтын күз мерекесіне кейіпкерлерді,ертегі кейіпкерлерін кіргізіп өткізулерін сұрады.Балаларды қызықтырып, ата-аналарды қуантатын, көңілінен шығатындай етіп, бар тәжірибемізді салып ат салысайық,-деп сөзін аяқтады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: б/б тәрбиешісі А.Бакашева тәрбиешілерге өздеріне берілген уақытты пайдаланып, балаларды дайындауда тәртіпті сақтап, біргелікте жұмыс істеу керегін айтып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: б/б әдіскері Г.Н.Кунтуова «Алтын күз» мерекесіне арналған бағдарламамен таныстырып өтті. Кестеде көрсетілген тәртіппен сценарий дайындап, көрсетілген күні ертеңгілікті жақсылап өткіземіз, кемшіліктер орын алмайтындай етіп, балалардың сахна мәдениетін игеруіне, үстеріне мерекелік костюмдерді –сай киінуіне көңіл бөліңіздер, және де биылғы жаңалықтар бойынша сән үлгісі ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында , қазақи үлгіде жасалу керек -деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі сақталсын.
2. Әр мерекені жауапкершілікпен өткізейік.
3. Іс-құжаттар жаңа үлгілік бағдарлама бойынша толтырылсын
4. «Республика күні», «Алтын күз» мерекесі жоғары дәрежеде атап өтілсін.

Бөбекжай меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова

Хатшы:  Г.Н.Коштаева

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2 Хаттамасы

30.11.2022 ж

Қатыскандар-14

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қортындысы.
3. «Алтын күз» мерекесін талқылау.
4. «Тәуелсіздік күні» , «Жаңа жыл» мерекесінің сценарийлерінің түзілуі туралы.
5. Тамақтану кезіндегі балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының сақталуы.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде айтып өтті. Іс-құжаттарын уақытында толтырылып отыруы бойынша тексеру жүргізілген. Тәрбиешілердің көрнекіліктері, таңғы жаттығулары, күзгі серуен кортатекалары, ата-аналар туралы мәлімет дәптерлері тексерілген. Ересек «Балдырған», ересек «Балдәурен» топтарындағы іс-құжаттар талапқа сай. Сонда да болса барлық топтарда кемшіліктер бар. Ойын папкалары толықтырылмаған.

2.Тыңдалды: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева сөз алды. Ересек «Балдырған» және ересек «Балдәурен» топтарының арасында таңғы жаттығуларды жасатуы және түскі гигиеналық шараларды орындауы бойынша бақылау жүргізілді. Ересек «Балдәурен» тобының тәрбиешілері Г.Балкыбекова, У.Усенбава Ересек «Балдырған» тобының тәрбиешісі Ембаева Динара Жамалбекқызы Бердалиева Хатира Омарханқызы Д.Сердалиева таңғы жаттығу картатекасы бойынша жазылған тәртіп бойынша жаттығуларды жасатты. Үш топта түскі гигиеналық шараларлар кезінде балаларды қатарға тұрғызып, қолдарын сабынмен жуғызып, тамақ ішерден бұрын «Ас болсын!» сөзін айтып, тамақтың түрін, пайдасын, қандай көкөністер қосылғаны жайлы тәрбиешілер айтып өтті. Тамақ ішіп болған соң қолын, бет-ауыздарын жуғызады. Түскі ұйқыдан соң төсектегі гимнастикалар, табан жаттығулары жасалынды. Түскі гигиеналық шараларды орындау жақсы қолға алынған деп, -сөзін аяқтады.

3. Тыңдалды: «Алтын күз» мерекесінің өтілуі жөнінде б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова айтып өтті. Биыл 2022-2023 оқу жылында «Алтын күз» мерекесіне барлық топтар жақсы дайындалған. Әр күні екі топтың мерекесі ұйымдастырылды. Биылғы «Алтын күз!» мерекесі ойдағыдай тамаша өтті. Сахна мерекеге сай безендірілген. Сценарий құрылымдары да өте жақсы. Барлық топтарда балаларды мерекеге сай киіндірген. Айта кететін болсам ересек «Балдәурен» тобының, ортаңғы «Бәйшешек» тобының

тәрбиеленушілері өте жақсы өнер көрсетті. Ортаңғы «Бәйшешек» тобының балаларының тәртібі жағынан аздап кемшіліктер бар. Ересек «Балдәурен» тобының балалары да әдемі билерімен қуантты. Сонда да болса айтып өткім келеді, жоғары дәрежеде өткізген ересек «Балдәурен» және ересек «Балдырған» тобының тәрбиешілеріне алғысымды білдіремін деп, -сөзін аяқтады.

4. Тыңдалды: б/б меңгерушісі: А.Т.Кунтуова сөз алды. Енді алдымызда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні» мерекесі келе жатқанын, сол мерекені жауапкершілікпен өткізу керек екеніміз жөнінде айтып өтті. Мерекеге арналған сценарилермен танысып, бекітілді. Балалар мен ата-аналар үшін ең қызықты мерекелердің бірі «Жаңа жыл» мерекесі. Музыкалық зал мерекеге сай безендіріліп, сценарилерге әр түрлі кейіпкерлерді кіріктіріп, ата-аналардың да қатысуымен ойындар ұйымдастыру қажет. Және де балалардың киімдеріне мән беру керек, -деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева алдымызда келе жатқан «Тәуелсіздік күні» мерекесіне барлық топтар өз тобында тәрбие сағатын өткізетінін, 15 желтоқсан күні барлық топтарда «Тәуелсіздік-тұғырым!» атты ертеңгілік өткізілетінін, ертеңгілікке жақсылап дайындалып, жоғары дәрежеде өткізілуі жөнінде айтып өтті.

5. Тыңдалды: б/б мейірбикесі А.Алиева сөз алды. Балалардың тамақтану кезіндегі мәдени-гигиеналық талаптарының сақталуы жөнінде айтып өтті. Балалар тамақтанар алдында міндетті түрде бет-қолдарын жуу керек. Тамақты мұздай немесе ыстық күйде пайдалануға жол бермеу керек. Астың жоғары немесе төмен температурада болуы асқазан сөліне зиян келтіреді. Тағам қабылдау барысында сұйықтық яғни шай немесе компот ішуге болмайды, ішкен жағдайда ас қорыту сөлінің шоғырлануы азайып, асқазанның ас қорытуы төмендейді. Сондықтан шайді тамақтан соң беріңіздер. Тәрбиешілер тамақ ішіп отырғанда тыныштық сақталуын, тамақты ұқыпты жеуді қадағалайды, тамақтанып болған соң ас қайыру күнделікті қадағаланады. Кіші топтарда тамақтанып болған соң балаларды міндетті түрде жуындыру қажет. Осы тәртіп қолға алынуын айтып өтті.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Таңғы жаттығулар мен түскі гигиеналық шаралар жоспардағыдай орындалсын.
3. «Алтын күз» мерекесінде орын алған кемшіліктерді жою қолға алынсын.
4. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелеріне арналған ертеңгіліктер жоғары дәрежеде өтілсін.
5. Балалардың тамақтануы кезіндегі мәдени- гигиеналық талаптар сақталсын.

Бөбекжай меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова

Хатшы:  Г.Н.Коштаева

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№3 Хаттамасы

18.01.2023 ж

Қатысқандар-14

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қортындысы.
3. «Тәуелсіздік күні» мерекесін және «Жаңа жыл» мерекесін талқылау.
4. Бастапқы мониторинг нәтижесі

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде айтып өтті. Ересек «Балдәурен» тобында таңғы жаттығулар мен түскі гигиеналық шаралар жоспардағыдай орындалып жатыр. Тәрбиешілер таңғы жаттығуларды затпен немесе затсыз орындап жатыр. Кей балалар таңғы жаттығудан кешігіп келіп жатыр. Ата-аналарға балаларын таңғы жаттығу уақытына дейін кешіктірмей әкелуді қадағалаңыздар. Балалардың тамақтануы кезінде мәдени-гигиеналық талаптарының сақталуын қолға алыңыздар, - деп сөзін аяқтады.

2.Тыңдалды: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева сөз алды. Ересек «Балдырған» тобында таңғы жаттығуларды жасатуы және түскі гигиеналық шараларды орындауы бойынша бақылау жүргізілді. Таңғы жаттығулар картатека бойынша жасалынуда.Ал, түскі гигиеналық шараларды орындау бойынша тәрбиешілер шынықтыру жұмыстарын толық орындатпайды. Осы бақылау бойынша қорыта келе мектепалды тобында түскі гигиеналық шаралардың жоспардағыдай жасалуын қолға алу керек, -деп сөзін аяқтады.

3. Тыңдалды: үшінші мәселе жөнінде б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова айтып өтті. «Тәуелсіздік күні!» мерекесіне арналған ертеңгіліктердің

өтілуі жайлы айтып өтті. Тәуелсіздік күніне арнап барлық топтарда тәрбие сағаттары болып өтті. Балалар Отан ,туған жер туралы тақпақтарын айтты. Патриоттық әндер мен ұлттық билерін билеп, тәуелсіздік күні мерекесі өз дәрежесінде жақсы өтті.

«Жаңа жыл» мерекесін барлық топтар жақсы тойлады. Көңілді ойындарды кіріктіріп, жәнеде тәрбиешілеріміз әр түрлі кейіпкерлерді сомдау арқылы балаларымыздың көңілін көтерді. Ата-аналарда атсалысып, ойындарға қатысып, өздерінің ұйымдастыруымен билер билеп берді. Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырып, Аяз ата балаларға алғысын білдіріп, сыйлықтар тарқатты.

Әрине бірнеше кемшіліктер орын алды. Біріншіден балалардың тәртібі жағынан, екіншіден сахнада өздерін ұстау мәдениеті жағынан олқылықтар болды.

Алдағы уақытта осындай кемшіліктерге жол берілмеуін тәрбиешілерге ескертіп өтті.

Сөз сөйлегендер:б/б әдіскері Г.Н.Коштаева сөз сөйледі.«Балауса» , «Балдәурен», «Бөбек» тобының тәрбиешілеріне алғысын білдірді. Және ертеңгіліктердің қызықты өтуіне ат салысқан, Аяз ата мен Қаршақыздың рөлін сомдаған қызметкерлерге шығармашылық табыстар тіледі. Алдағы мерекелерде де осылай белсенді болуға шақырды

4.Тыңдалды: Бастапқы мониторинг нәтижесі жөнінде балабақша меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды: Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша Мониторингтің нәтижесі «Бастапқы бақылау» нәтижелерімен салыстырғанда жоғарылаған.

Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргіземіз деп аяқтады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Ересек топтардағы таңғы жаттығулар мен түскі гигиеналық шаралар жоспардағыдай орындалсын.
3. Барлық мерекелер қызықты да, жоғары деңгейде өтетін болсын.
4. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргізілсін.

Бөбекжай меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова

Хатшы:  Г.Н.Коштаева

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№4 Хаттамасы

24.02.2023 ж

Қатысқандар-15

Күн тәртібінде:

1. Педагогтерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымымен таныстыру.
2. 8-Наурыз және жыл басы Наурыз ертеңгіліктерінің сценарилерін бекіту.
3. Табиғат бұрышындағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру бойынша салыстырмалы тексерудің қортындысы.

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Г.Н.Коштаева - Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 2023жыл 10 қаңтардағы No21-12-03/3057 хатына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымға» сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін Excel форматында толтыру, жұмыс жүргізу туралы түсіндіріп өтті.Әр топқа жас ерекшелігіне сай арнай ашылған парақшалар бар, топ атауын, бала тізімін толтырып, үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша нәтижелер бағаналарға берілген, бір бағанаға баланың меңгеру керек нәтижесін төмен, орта, жоғары бағамен үшке бөліп көрсеткен,оны N-1, N-2, N-3 деген формуламен берген, осы үш бағананың біреуіне баланың үлгеріміне қарай 1 деген санмен белгілейміз, сонда нәтиже пайызбен соңына өзі шығады.Балабақша

бойынша, Денсаулық сақтау дағдылары, Коммуникативтілік дағдылар, Танымдық дағдылар, Шығармашылық дағдылар, Өлеуметтік дағдылар бойынша пайызымен астыңғы жолақтарға Excel форматында есептеп шығарады деп түсіндіріп өтті.

2. ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз сөйледі. Алдағы 8 наурыз мерекесіне арналған топтардың сценарилері және ересек «Балдәурен», «Балдырған» топтарында өтетін қыз сыны байқауының сценарилері бекітілсін. Мерекелік ертеңгілікте ата-аналардың қатысуымен қызықты ойындар ойнатылсын. . Ертеңгіліктің сценари бойынша жүргізілуін, кемшіліктер орын алмауын, балалардың тәртібіне көңіл бөлулерін сұрады.

Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мерекелері қызықты, мәнді етіп, салт-дәстүрімізді дәріптеу мақсатында өткізілсін. Жыл басы Наурыз мерекесіне әр топқа қазақтың салт-дәстүрлерінен көрініс көрсетуді, тәрбиешілерге ұлттық киімдер киюін дайындады. Және топ ішін көктем мезгіліне сай етіп безендірілсін. Балалардың деңгейінің жоғарылауы үшін, ұлттық құндылықтарымызды бойларына сіңіру үшін тәрбиешілеріміз талмай еңбек ету керек деп өз сөзін аяқтады.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Бұл мәселе бойынша б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова ересек «Балдәурен» және «Балдырған» топтарындағы табиғат бұрышындағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру бойынша салыстырмалы тексерудің қортындысын айтып өтті. Ересек «Балдәурен» және «Балдырған» тобында кезекшілікті ұйымдастыру жақсы қолға алынған. Ұл балалар гүлдердің түбін қопсытады, ал қыз балалар гүлдерге су құйып, жапырақтарының шаңдарын сүртеді. Ал ересек «Балдырған» тобының табиғат бұрышын гүлдермен толықтыру қажет. Кезекшілік жұмысты да уақтылы жүргізіп отыру керек деп, -сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша балалардың жеке

және жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының дамудеңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін Excel форматында толтырылсын.

2. 8-Наурыз және жыл басы Наурыз мерекелері сценарий бойынша жүргізіліп, қызықты өткізілсін

3. Табиғат бұрышындағы кезекшілік жұмыстары қолға алынсын.


Бөбекқай аудандық меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова
Хатшы:  Г.Н.Коштаева

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№5 Хаттамасы

25.05.2023 жыл

Қатысқандар:15

Күн тәртібінде:

1. Балалардың балабақшамен қоштасу жұмыстарына дайындық.
2. Кіші топта таңертеңгі жаттығуды жасау ережелерінің сақталуы.
3. Оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі. Қорытынды мониторинг.
4. Жазғы демалыс сауықтыру мезгілінің жоспарын бекіту.

1. **ТЫҢДАЛДЫ:** өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз сөйледі. Күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жаңа технологияларды кеңінен пайдалану жалғастырыла берсін. Ертеңгіліктерде сахна мәдениетіне үйретуден жалықпаңыздар. Балаларды мектепке шығарып салуға арналған сценариймен танысқанын, әлі де болса әртүрлі қызықты ойындарды, білім жағынан көрсететін көріністерді қосу керек екенін айтып өтті.

2. **Сөз сөйлегендер:** ересек тәрбиешісі Г.Ш.Балкыбекова ата – аналармен бірлесе отырып, балалардың киім мәселесін, венеткаларын шешіп алғанын айтып өтті. Ертеңгілікке ата-аналардың да атсалысуы жайлы толық түсіндіру жасағанын айтып өтті.

3. **ТЫҢДАЛДЫ:** Келесі мәселе бойынша б/б әдіскері Г.Н.Коштаева сөз алды. Кіші топтарының күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары орындау қорытындысы бойынша айтып өтті. Таңғы жаттығуларға арналған картатекалары бар, әр айға 2 комплекстен тұратын жаттығулардың түрлері бар. Екі аптаға затсыз жасалатын жаттығулар болса, 2 аптаға затпен жасалатын жаттығулар жазылған. Таңғы жаттығулар өз жүйесімен жасалынуы қадағаланды.

ТЫҢДАЛДЫ: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева тәрбиеленушілердің оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша сөзге шықты. Аралық мониторингке қарағанда балалардың деңгейі едәуір жоғарылаған. Жылдың аяғында балалардың шығармашылық қабілеттері артып,

жаңа технологияларды игерген. Биыл мониторинг жазу карталары өзгергенін, біршама қиындықтар туғызсада, тәрбиешілеріміз мониторингті аяқтады. Әр балаға жеке даму картасын жасап, толтырып шықты.

Сөз сойлегендер: ересек тобының тәрбиешісі У.Усенбаева ересек тобының балаларының үлгерімі жақсы екенін, бес дағды бойынша оқу бағдарламасын меңгеріп, жақсы қорытынды көрсететіндерін айттып өтті.

4. **ТЫҢДАЛДЫ:** б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөзге шықты. Оқу жылы аяқталғанын, енді жаз мезгілі басталғанын айтып өтті. Жаз мезгілінде балалардың ағзасын сауықтуруға, эмоциялық, жеке тұлғалық, таңымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау үшін ересектердің тәрбиеші және ата-аналардың күшін жұмылдыру, біріктіру қажет. Жазғы кезде балалардың таза ауада болу ұзақтығы ұзарады, оқу қызметтерінің саны қысқаратынын айттып өтті.

Сөз сойлегендер: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева сөзге шықты. Жаз мезгілінде қуыршақ театрын, спорттық сайыстарды қызықты өткізу керек екенін айтты.

Сөз сойлегендер: б /б медбикесі А.Алиева сөз сөйледі. Жаз мезгілінде балалар құммен ойнатынын, суға шомылатынын айтып, балаларға жағдай жасалынуы керек екенін атап айтты. Міндетті түрде ойыннан, серуеннен соң бет-қолдарын жуып, қайнаған су берулерін талап етті. Жазда көкөністер мен жемістердің көп таратылатынын және оны жуып берулерін айтып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Балабақшамен қоштасу ертеңгілігі жоғары дәрежеде өткізілсін.
3. Кіші топта таңғы жаттығу жасау ережелері сақталсын.
4. Оқу бағдарламасының меңгеру деңгейі алдағы уақытта жоғары нәтиже көрсетсін.
5. Жазғы сауықтыру жоспары бойынша жұмыс жасалсын.

Бөбекжай меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова

Хатшы:  Г.Н.Коштаева

